

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 38

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалануды бақылауды күшейту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 42-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану ережесінде:

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"корпоративтік табыс салығы";

8-тармақ алынып тасталсын;

10-тармақтың 1) тармақшасы "осы Ереженің" деген сөздердің алдынан "бюджет заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Қорды республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеуге пайдалану Қорды басқару жөніндегі кеңестің шешімі бойынша жүргізіледі.";

2 2 - т а р м а қ т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:
"8-1) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі;
"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ